

Қаратөбе ауданы
Жусандыой ауылы
Жамбыл жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасы

«Тұрақты даму үшін экологиялық білім
бойынша балалар бизнес-жобалары» аудандық
байқауына бизнес-жоба

Органаминералды
тыңайтқыштар мен
биотопырақ өндірісі

Жоба орындаушысы: Е.Иман-Маликов
11-сынып оқушысы
Жетекшісі: С.С.Бисекенова
биология пәні мұғалімі

Кіріспе

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер ауытқуда. Ауаның, жердің, судың ластануы байқалуда. Әсіресе мына көрші Қытай қалаларында ауаның ластануы көп байқалуда. Бұған себеп индустриялық өндірістің дамуы. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында оның ішінде егін шаруашылығындағы қолданыстағы жерлердің гирбецидтермен, пистецидтермен, түрлі улағыш химикаттардың көптеп қолданылуы жердің құнарлығын төмендетіп, жерді ластап, биоценозға зиянын тигізіп, тіршілік атауын жояды. Бұндай жерде өсіп шыққан өнім экологиялық таза болмайды. Егер шектен тыс қолданылса адам ағзасына зиянын тигізеді. Жаз айларында осындай жерлерде өсірілген қарбыздардан адам ағзасының улануы осы себептен. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев былай деген: «Біздің елде жерлердің 90 пайызы химикаттармен ластанбаған. Сондықтан да, бүкіл әлем бойынша үлкен сұранысқа ие болатын таза органикалық өнімдерін өсіруге мүмкіндіктер бар. Азық-түлікке деген сұраныс 2050 жылы 40 пайызға артады және «Жасыл экономика» индустриялық революцияның негізі болады» . Сол себептен біздің мақсатымыз осындай химикаттардың орнына экологиялық таза тыңайтқыштарды қолдану.

Зерттелетін мәселе

- ✓ жер және минералды шикізат ресурстары, ауыл шаруашылық алқаптарының тозуы;
- ✓ елді-мекендердің көгілдір отын пайдалануына байланысты мал көңінің пайдаланылмауы салдарынан, ауаның ластануы қалдық заттардың көптеп жиналуы.

Мәселенің шешімі:

1. Ауыл шаруашылық қалдықтарын өңдеу .
2. Қалдық палигондарының санын шектеу.
3. Қалдықсыз өңдеу технологиясын енгізу.
4. Жасыл экономиканы қолдану.
5. Органикалық қалдықтар өңдейтін миницех ашу.
6. Ауыл шаруашылығына жаңа инновациялық технологияларды енгізу.

Проблеманың практикалық шешімі

- Проблеманы практикалық шешімі ретінде біз өз жобамызды ұсынамыз

Жобаның негізгі бөліктері:

1. Шикізатты (органиканы) алғашқы өңдеуден өткізу (ферментация).
2. Шикізатты толық өңдеуден өткізу. Дайын өнім шығару.
3. Өнімді сату жолдарын іздестіру (өнім маркетингі) мен жарнамалау. Бизнес план.

1- бөлім

- Органикалық қалдықтарды компостированиеден немесе ферментациядан өткізу. (Қадалар, Бурты)



Ауыл шаруашылық қалдықтарынан КОМПОСТ ШЫҒАРУ



Жауын құрттар



Мен өз жобамда
жергілікті жерде
кездесетін
жауынқұртын
пайдаланамын



2 -бөлім

Жауын құрттарды пластикалық қораптарда өсіру әдісін (ящечный метод) пайдаланып таза экологиялық өнім **биогумусты** өңдеп шығару.
(Вермикомпостер)



Дайын өнімді 3 електен өткізіп,
40 пайыздық ылғалдыққа дейін кептіру.





Биогумус пен компост негізінде: биотопырақ, әмбебап топырақ өнімдерін шығарып, дайын қаптамаларға қаптау. Тұтынуға дайын өнімді шығару. Жобада негізінен 4 түрлі өнім бар. Олар; биотопырақ, биогумус, компост, әмбебап топырақ.



Жобада алынған
өнімді
пайдаланып
қазіргі таңда көк
жуа өсірудемін

3-бөлім. Бизнес-жоспар

Бизнес-жоспар анкетасы:

- Инвестиция мақсаты: Органаминералды тынайтқыштар мен биотопырақ өндіру және сату
- Өнім: биотопырақ, биогумус, компост, әмбебап топырақ
- Жобаның құны: 140000 тг
- Өзін-өзі ақтау уақыты: 1 жыл

Жобаны іске асыру үшін қажетті инвестициялық шығындар

Атауы	Саны	1 дана құны тг	Сумма тг	Сатушы (тапсырыс алушы)
Өнім сертификациясы 5 жыл мерзімінде	2 тауарға	40000	80000	ЖШС «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы»
Қаптама	50000 ең аз тапсырыс	1	50000	ЖШС “Батыс терминал телеком”
Дәнекерлеу аппараты FS-200(ҚХР)	1	10000	10000	Сауда үйлері

Қаржы жоспары және бюджеті

Атауы	Уақыт мерзімі	Құны тг
Бір ретік шығын	-	140000
Коммуналды шығындар	12 ай	150000
Сатудан түскен кіріс	12 ай	600000
Таза пайда	12 ай	310000

Өнімнің сипаттамасы:

- Биогумус - бұл экологиялы таза тынайтқыш. Жауын құрттардың органикалық шірінділерді өндеуі арқылы пайда болады. 100 пайызды гумус болып табылады. Егін алқаптары мен баубақшада қолданылады. Қымбат бірақ берер пайдасы көп өнім.
- Биотопырақ - құрамы 40 пайыз гумус және 60 пайыз компосттан тұрады. Құнарлығы жоғары болып саналады. Қолданылу мерзімі әмбебап топырақтан 2 есе жоғары.
- Әмбебап топырақ – ең арзан өнім болып табылады. Құрамына биогумус ,компост,бау-бақша жері, құм кіреді. Көктемгі мезгілде сұранысқа ие. Өскіндер (рассада) өсіруде көп қолданылады.
- Компост – ферментациядан өткен органика. Бағбандар арасында сұранысқа ие. Қөп жыл бойы қолданылып құнарлығы төмендеп, тозған жерлерді тыңайту үшін қолданылады. Өнімнің өзіндік құны арзан болғандықтан үлкен көлемде сатып алынады.

Өнімнің нарығына талдау жасау және маркетинг

Орал қаласында тыңайтқыштармен жерді сатумен 22 жеке кәсіпкер айналысады. Тауарлар тізімінде әзірше отандық тауарлар мүлдем жоқ. Жергілікті тауар негізінен сұранысқа ие. Бұған себеп Ресейден тасымалданған тауарға 14 пайыз жарна төленеді. Бұл тауардың өзіндік құнын жоғарылатады. Ал егер жергілікті жерден сатып алынатын болса тек қана қосылған құн салығы төленеді. Қала аумағындағы халықтың 70 пайызы бау-бақшамен айналысады.